

Парсы тілінің әлеуметтік лингвистикалық сипаттамасы

Парсы тілінде сөйлетіндердің саны – Иранның өзінде 70 миллионнан асады (шамамен 90 пайыз), Тәжікстанда 7 миллион астам адам, ал Ауғанстанда осы парсы тілінің варианты болып табылатын дари тілінде 34 миллион адам, Пәкістанда 2 миллион адам сөйлейді. Парсы тілін АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда, Ресейде тұратын диаспора қолданады. Жалпы алғанда, 61 миллион адам парсы тілін бірінші тіл, ал 62 миллион адам екінші тіл деп есептейді. Әрине, бұл арада барлық аумақта парсы әдеби тілі пайдаланылады деуге болмайды, әр жерде парсы тілінің диалектілік ерекшеліктері қалыптасқан.

Парсы тіліне алыс-жақын шетелдіктердің көңіл бөліп, үйрену құлшыныстарының артуының бірнеше себебі бар деген болжам жасауға болады.

Бірінші, парсы тілінің естіген жанды баурап алатын әуезділігі, әсемділігі; екінші, әлем әдебиетінің алтын қорына құнды туындыларын тарту еткен парсы тілдес Рудаки, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Руми, Жәми сынды ақындардың шығармаларын төл тілде оқу мүмкіндігіне қол жеткізуі; үшінші, Иранның экономикалық жағдайы тұрғысынан келгенде, әсіресе қара алтын – мұнайға бай ел болғандықтан серіктестік, қарым-қатынас құралы ретінде тілді еркін меңгеру қажеттілігі де замана талабынан туындайды.

Жоғары оқу орындарында білікті тіл мамандарын дайындаудағы негізгі мақсаттардың бірі – алыс-жақын шет елдердің мұражайлары мен қолжазба қорларында сақталып жатқан еліміздің тарихы мен мәдениетіне қатысты тарихи дерек көздері мен құжаттарды ана тілімізге аударып, елдің игілігіне жарату.

Қазіргі кезде жазба тіл үшін парсы әліппесі қолданылады, ол араб әліппесінің негізінде жасалғанмен, парсы тілінің заңдылықтарын қамтитын бірнеше таңбалармен толықтырылған. Парсы әліппесінде 33 әріп бар, оңнан солға қарай жазылады. Парсылар VII ғасырдан бері араб әліппесін қолданып келеді. 1250 жылдан астам уақыт ішінде өмір елегінен өткен парсы әліппесі жер жүзінде әбден қалыптасқан әліппелердің біріне айналды.

Парсы тілінің әлеуметтік лингвистикалық жағдайын қысқаша түрде төмендегіше сипаттауға болады:

Бірінші. Парсы әдеби тілі классикалық парсы тілінен фонетика (әсіресе дауысты дыбыстарға байланысты), морфология, синтаксис, лексика жақтарынан үлкен айырмашылықтарға ие. Қазіргі кезде ауызекі сөйлеу тіліне жақындау, соған бет бұру үрдісі байқалады, бұған әсіресе, XX ғасырда парсы прозашылары жасаған туындылар зор әсер етті.

Екінші. Қазіргі парсы әдеби тілі Иранның ресми тілі және білім беру жүйесінің тілі болып табылады. Бірақ парсы диалектілері өте көп, сондықтан парсы интеллигенциясының тілді толық меңгерген топтарында қостілділік сипат бар деп саналады, яғни олар қазіргі парсы әдеби тілі мен диалектілік ерекшеліктерді араластыра пайдаланады. Оларда

мазендеран, гиян сияқты иран диалектілермен қатар әзірбайжан, түркімен, кашкай сияқты түркі диалектілері де бар.

Үшінші. Парсы әдеби тілін лингва франка деп санауға болады. Бұл терминге төмендегідей анықтама берілген: «Lingua franka – әртүрлі тілдерді пайдаланушылар арасындағы коммуникацияда қызмет ететін тіл; өзіндік сипатқа ие, аралас дәнекер-тіл, ол қарым-қатынастың нақты әлеуметтік-экономикалық ортасында (мысалы, саудада) әртілді тұрғындарға қызмет көрсетеді. Лингва франканы нақты бір жалпыұлттық немесе халықаралық тілмен теңдестіру ақиқатқа сәйкес келмейді».

Төртінші. Парсы тілі мемлекеттік тіл бола тұра, орта білім беру жүйесінде араб тілі міндетті пән болып саналады, бұл тіл парсы тіліне үлкен әсер етуде.

Бесінші. Қазіргі кезеңде лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың салдарынан қазіргі парсы тілі диалектілерінің арасындағы айырмашылықтар анығырақ байқалуда. Бұл жайт ауызекі сөйлеу тілінде басталады да, кейінірек жазба мәтіндердің стилі мен фразеологиялық құрамына көрінді. Парсы тілін зерттеушілердің көзқарастары бойынша бұндай айырмашылықтар бүгінгі таңда іргелі сипат алып отыр, яғни тілдің барлық қаттауларына тән болып отыр. Қазіргі Иран, Ауғанстан және Тәжікстан аумақтарында өзара туыстас үш мемлекеттік тіл бар деп айтуға болады, олар: парсы, дари және тәжік тілдері. Парсы тілі мен дари араб әліппесін, ал тәжіктер ХХ ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап кириллшені қолданғанымен, үш елдің тұрғындары өзара еркін түсінесе алатындай дәрежеде.

Парсы тілінің типологиялық сипаттамасына келетін болсақ, онда ең алдымен бұл тілдің синтетизмінің элементтері бар аналитикалық тілдерге жататындығын атауға болады.

Парсы тілінде араб сөздері, мамандардың көрсетуі бойынша 60-80 пайызды құрайды. Кейініректе парсы тілінің лексикалық құрамында монғол, түрік, батыс еуропалық және аздаған орыс тілдері сөздері пайда болды. Өткен ғасырдың бас кезінде өзге тілден енген сөздерден тілді тазарту жұмыстары жүргізілді, яғни француз және ағылшын тілдерінен тілді тазарту жұмыстары жалғасуда. Олардың орнына парсы тілінің өзінің сөзжасамдық моделдерімен жаңа сөздер жасау жолға қойылған.

Парсы тілінің әлемдік мәдениетке және әлемдік экономикаға ықпалы өте зор. Сондықтан қазіргі заманда әлемдегі барлық елдер дерлік парсы мәдениеті мен әсіресе тілін үйренуге, білуге басты назар аударылып отыр.

Бұған, әсіресе, орыс мемлекеті ерекше мән береді, ХҮІІІ ғасырдың өзінде-ақ Бірінші Петр парсы тілін білудің маңыздылығын байқап, бірнеше аудармашы-мамандар дайындатқызды. ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында орыс ғалымдары «Авеста», Фердоусидің «Шахнама», Хафиздің «Диуан» сияқты шығармаларын аударып, лексикографиялық еңбектер жасауды қолға алды. 1804 жылдан бастап Ресей империясының жоғары оқу орындарында парсы тілін оқыту басталған

(Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Қазанда, Харьковте). 1826 жылы Мәскеу университетінің доценті А. Болдырев оқулық хрестоматия жасап шығарды, оған газелдер, қасыдалар, новеллалар және көлемді шығармалардан алынған үзінділер, сонымен қатар 3500 лұғаттан тұратын парсыша-орысша сөздік енгізілген. Осы кітапта сондай-ақ парсы тілінің қысқаша грамматикасы болды. Еңбектің құндылығы соншалықты, бұл кітап ХХ ғасырдың басына дейін жоғарғы оқу орындарындағы парсы тілі үшін негізгі оқулық болып саналды және тіпті кейінгі оқу құралдарында да А. Болдырев жасаған еңбектің материалдары мен құрылымы, негізгі мәліметтер пайдаланылды.

ХІХ ғасырда орыс ғылымы парсы тілін үйренудің одан әрі қарқындатты. Көне парсы тілін, ортағасырлық парсы тілін үйренуге мән берілді. Классикалық парсы тілін, жаңа замандағы парсы тілін зерттеп, сөздіктер, оқулықтар жасау арқылы парсы мәдениетін орыс мәдениетіне таратқандардың ішінде көрнекті ғалымдар ретінде – В. Березин (1853 жылы Қазанда «Парсы тілі грамматикасын» шығарған), Мирза Гоштасп (1860 жылдары Санкт-Петербург университетінде парсы тілінен сабақ берген), В. Бартольд, Г. Зарков, В. Бертельс, А. Розенберг, И. Стеблин-Каменский, Е. Гладкова (ол лингвоелтанымдық сипаттағы көптеген құнды оқу құралдарын жасаған), В. Иванов, Г. Наджафов, К. Поляков, А. Носырев шығыстанушылар – Е. Залеман, В. Жуковский сияқты ғалымдарды атауға болады. Ресей Федерациясының беделі жоғарғы оқу орындарынан басқа парсы тілі Ресей Федерациясы Сыртқы істер министірлігі жанында дипломатиялық академияда, Шет тілдері әскери институтында, Азия және Африка елдері институтында, Татарстанда, Дағыстанда, Башқұртстанда және Солтүстік Осетия жоғарғы оқу орындарында оқытылады.

Қазақстан Егеміндікті алғаннан кейін қазақтың бірсыпыра қайраткерлері екі елдің мәдени-әдеби байланыстары, тарихи зерттеу жұмыстары бойынша елеулі еңбек етті. Қазірдің өзінде бірнеше сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді.

Қазақ тілінде парсы және араб тілінен енген сөздердің саны, зерттеушілердің пікірлері бойынша, шамамен 10-15 пайызды құрайды. Бұлар, негізінен ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда енген сөздер. Бұлардың қатарында жалпы абстрактілік түсінік, оқу-ағарту және мәдениет терминдері бар, мысалы адамзат [адамизад], айбат [Һэйбат], бағыстан [бағэстан], ғазал [ғэзэл], ыждағат [эджтеһад], пешене [пешене], шарайна [чарайна], шарық [чарқ] шаршы [чаһар су], шардақ [чардақ], дарақ [дерахт], тәптіштеу [тэпти] және ақиқат [хағиғат], ақпарат [аһбар], ақырет [аһрет], аспаз [ашпаз], әдеп [одаб], әділет [одалат], бақша [бағче], ғашық [ошеғ], дана [доно], дариға [дариғо], дәреже [дәрәдже], дәстүр [дастур], жануар [джанвар], жаһан [джаһон], жұма [джоме], зерек [зирэк], дүйсенбі [душәмбэ], нан [нон], патша [подэша], зындан [зендон] және т.б.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында парсы тілін оқып-үйренуге және иран мәдени орталығымен хабардар болуға өзектілік

артып отыр. Бұл Қазақстанның Иранмен, Біріккен Араб Әміриатымен экономикалық байланыстарының нығайып, көркейе түсуіне байланысты. Сонымен қатар әлемдегі ең қауіпті жағдай – террорлық әрекетке қарсы тұру үшін де, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін сақтау үшін де, парсы тілін меңгеру қажеттігі туындап отыр.

Қазақстанда бірнеше оқу орындарында парсы тілін жете меңгеру, арнаулы мамандар даярлау ісі жолға қойылған. Соның ішінде, әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті.

Парсы лексикасы – тіл материалдарының ең маңыздысы. Парсы тілінің лексикасы өте ұзақ тарихты қамтиды. Араб шапқыншылығынан кейін парсы тіліне көптеген сөздер араб тілінен енді. Негізгі сөздікті құрамды иран және араб лексикасы құрайды. Парсы тілінде араб тілінен басқа түрік-монғол, батысеуропалық, орыс, грек, үнді тілдерінен енген кірме сөздер бар. Ал көптеген сөздер араб тілінен парсы тіліне енген. (Мысалы: کتاب [кэтаб] кітап, مسجد [мәсджед] мешіт, سورة [суре] сүре араб тілінен, سماور [сэмавэр] самауырын, بشكه [бошке] бөшке орыс тілінен, ياساول [йасавол] күзет монғол тілінен, فیلسوف [филсуф] философ грек тілінен, كچيكي [кечекчи] түрік тілінен, كنفرانس [конфорэнс] конференция, رژیم [режим] режим француз тілінен, كمپيوتور [компитур] компьютер ағылшын тілінен, فلفل [фэлфэл] бұрыш санскрит және т.б.).

Қазіргі парсы лексикасында маңызды мәселелерінің бірі – ғылыми-техникалық терминдерді жасау және толықтыру. Әр білім саласында жаңа терминдер жетіспейді. Батысеуропалық тілдердің әсерінен парсы тілінде көптеген шетел терминдері қолданыста жүр.

Садықова Р.К.